

2026.03.31 берілген өзгерістер мен толықтырулармен

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Басқармасының сырттай отырысының
2011 жылғы 14 шілдедегі № 364 хаттамасына
25-қосымша

Банктік заем шартының стандартты талаптары (Қосылу шарты)

Осы стандартты талаптарды (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) банктік заем шартын бекіту кезінде пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 389-бабында көзделген тәртіпте әзірлеген және Шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру бағдарламалары бойынша шарттың стандартты талаптарын анықтайды.

Стандартты талаптар пайдаланылатын Шарт Банк пен заемшы (бұдан әрі – Заемшы) арасында жеке банктік заем шартына (қосылу туралы өтініш) (бұдан әрі – Жеке шарт) қол қою арқылы бекітіледі.

Жеке шарт және Қосылу шарты бір-бірінің ажыратылмас бөлігі болып табылады және бұдан әрі бірлесіп Шарт деп аталады.

1-бап. Шарттың жалпы талаптары

1. Банк Жеке шартта көрсетілген Заемшының ағымдағы шотына (бұдан әрі – Шот) ақшаны есепке салу арқылы Заемшыға банктік заем (бұдан әрі – Заем) береді.

Шартты бекіту күні мен орны, оның нөмірі, Банк пен Заемшының (бұдан әрі бірлесіп – Тараптар, ал жекелей – Тарап) деректері, Заем мақсаты, сомасы, валютасы және мерзімі Жеке шартта анықталады.

2. Заемды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің түрі (бұдан әрі – сыйақы), жылдық пайыздарда көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің көлемі, Шартты бекіту күніндегі сыйақы мөлшерлемесінің сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеуіндегі мөлшері (бұдан әрі – ЖТСМ), егер Шартта құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі көзделген болса, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі Жеке шартта анықталады.

3. Шарт бойынша берешекті өтеу тәсілі, әдісі және кезектілігі Жеке шартта анықталады.

4. Заемды қайтару және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Заемшы Банкке тұрақсыздық айыбын төлейді, оны есептеу тәртібі және мөлшері Жеке шартта көрсетіледі.

5. Заемды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшері Жеке шартта көрсетіледі.

Заемды қайтару және сыйақыны төлеудің тәртібі мен кезеңділігі Жеке шартта көрсетіледі.

5-1. алып тасталды.

6. Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар және Шарттың қолданылу мерзімі Жеке шартта анықталады.

7. Шарт талаптарын бұзған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жеке шартқа сәйкес жауапкершілік арқалайды.

8. Заемшының Шарт бойынша жауапкершілігі еңсерілмейтін күш жағдайларымен шектелмейді, оларды Тараптар Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Заемшыны жауапкершіліктен босатуға негіз ретінде танымайды.

9. Егер Заем шетел валютасында берілген болса, Шарт бойынша комиссиялар, айыппұлдар және тұрақсыздық айыбы Банктің төлем күніндегі есептік бағамымен теңгеде төленеді.

2-бап. Шарттың басқа талаптары

1. Сыйақыны есептеуге арналған мерзім нақты берілген Заем сомасына қатысты Заем берілген күннен кейінгі күннен бастап саналады. Бұл ретте аннуитетті Төлемдер кестесінде жыл 360

күнге тең деп, ай 30 күнге тең деп алынады, ал негізгі борышты тең үлестермен өтеуді көздейтін Төлемдер кестесінде жыл 360 күнге тең деп саналады да, ай Заемды нақты пайдаланған күндер санына байланысты қабылданады.

2. Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Заемшы Шарт бойынша үшінші тұлғаларға өз міндеттерін беруге және өз құқықтарынан қайтуға құқығы жоқ.

3. Банк Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында Шарт шеңберінде Банктің Заемшымен өзара қарым-қатынастарына қатысты қойылатын талаптар мен шектеулер Заемшының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына таралады.

4. Заемшы жоба бойынша ескертулерді жою бойынша мерзімді, осындай ұсынудың/ескертулерді жоюдың Шартта көзделмеген талаптарын қоса, бірақ мұнымен шектелмей, мәліметтерді, құжаттарды Банкке ұсынуы тиіс мерзімді Банк белгілейді және Заемшыға Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын және Заемшы сөзсіз орындауы тиіс жабаша хабарлама жолдау арқылы хабарлайды.

3-бап. Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту

Банк Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген Заемшы үшін жақсарту жағдайларында, оларды біржақты тәртіппен Шарт талаптарын өзгертуге құқылы.

Банк Шарт бойынша жақсартатын талаптарды қолдану туралы Заемшыны олардың болжалды күшіне енуіне дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын хабардар етеді.

Заемшы Банктің хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннің ішінде Банк ұсынған жақсартатын талаптардан жазбаша түрде, толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Егер Банк көрсетілген мерзімде Заемшыдан Банк ұсынған жақсартатын талаптардан жазбаша бас тартуды алмаса, оларды Заемшы қабылдаған деп саналады.

4-бап. Қаржыландыруды мерзімінен бұрын қайтару, бас тарту және тоқтату

1. Заемшы Банкті:

1 (бір) жұмыс күні бұрын;

Заемды беруге қатыспаған, сәйкесінше Шартта көрсетілмеген Банктің аудандық басқармасына және (немесе) Банктің өзге облыстық/өңірлік филиалына 2 (екі) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлап, Заемды Банктің жазбаша келісімімен мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) қайтаруға құқылы.

2. Банк кез келген уақытта Заемшының Шарт бойынша барлық берешегін мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы. Бұл үшін Банк Заемшыға мұндай өтеу күніне дейін 10 (он) айдан ерте емес уақытта талап жібереді. Заемшы Шарт бойынша өз берешегін Банк талабында көрсетілген мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін біржолғы төлеммен немесе ішінара өтейді. Заемды мұндай мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы ұсталмайды.

3. Заемшы Қосылу шартының осы бабының 2-тармағына сәйкес Банк талабын алған кезде Заемшы Банкке Шартта көрсетілген және жылдық 1 % (бір пайызға) азайтылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша сыйақы төлейді. Заемшы бұл сыйақыны Банк талабында көрсетілген күннен бастап талапта көрсетілген Шарт бойынша барлық берешекті өтеу сәтіне дейінгі кезең аралығында төлейді.

4. Заем сомасын мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде ең бірінші төленетін төлемнің мөлшері ғана өзгертілетін негізгі борышты тең үлестермен өтейтін Төлемдер кестелері үшін Заемшы Төлемдер кестесі бойынша ең алдындағы бірінші төлемді азайта отырып ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жазбаша өтініш берген кезде немесе Банкпен келісілген өзге тәсілмен, Төлемдер кестесіне өзгерту енгізу талап етілмейді.

5. Банк:

төменде берілген негіздемелердің кез келгені орын алғанда:

1) Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мерзімінен кешіктіргенде;

2) Заемшының мүлкіне үшінші тұлғалар тыйым салғанда, иелік етуге шектеу қойғанда немесе өндіріп алу қолданылғанда;

3) Заемшы Шарт бойынша Заемшының жиынтық берешегінің 5 % (бес пайызын) және одан

артық пайызын құрайтын сомаға талап қойылған жауапкер ретінде сот процесіне тартылғанда;

3-1) -3-6) алып тасталды;

4) Заемды ұсыну Заемшымен байланысты борышкерлердің тобы бойынша бір заемшыға тәуекелдің мөлшері бойынша заңнама бекіткен шектеудің ең үлкен мөлшерінен асуға әкеліп соққанда;

5) Заемшы өз қаржылық жағдайы туралы анық емес мәліметтерді ұсынғанда;

6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық акті талаптарына және халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредиттік саясатына сай Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайы нашарлағанда;

7) үшінші тұлға Заемшыны банкрот деп тану туралы талап ұсынғанда немесе сот шешімі бойынша банкроттық немесе оңалту барысында қолданылатын кез келген рәсім енгізілгенде;

8) Шартты толығымен немесе бөлігінде жарамсыз және (немесе) бекітілмеген деп тану туралы немесе талап арыз ұсынылғанда және немесе даулағанда немесе көрсетілген жағдайлардың пайда болу қаупі бар болғанда;

9) Заемшымен үлестес (байланысты) үшінші тұлғалар Банк алдындағы міндеттемелердің ең болмаса біреуін бұзғанда;

10) Заемды ұсыну мұндай бұзушылық Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса, Қолданылатын құқықты бұзуына себеп болғанда, мұндай бұзушылық ықтималы сақталатын кезеңде;

11) Банктің пікірінше Заемшының Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындатпайтын Заемшының үшінші тұлғалар алдында міндеттемелері болған/өзгерген/ұлғайған кезде;

11-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

11-2) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда;

11-3) Заем сомасы күнтізбелік 30 күн ішінде нысаналы мақсаты бойынша игерілмеген кезде;

11-4) Заемшы Шартпен берілген куәландыруларды бұзуға жол бергенде және (немесе) Банкте Заемды Заемшы осындай бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін мақсаттарда пайдалана алады деп пайымдауға негіздер болғанда;

11-5) мемлекеттік кірістер органында жеке кәсіпкер ретінде Заемшыны тіркеу есебінен шығарғанда;

11-6) Заемшы уәкілетті органға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінген кезде;

12) Заемшы Қосылу шартының, Жеке шарттың немесе Банкпен жасалған басқа шарттың өзге талаптарының бұзылуына жол бергенде, соның ішінде Заемшы кез келген үшінші тұлғалар алдындағы қандай да бір келісім (шарт) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайларда;

уақыт өте жоғарыда аталған оқиғаларға, Шарт бойынша міндеттемелердің, соның ішінде Банкпен жасалған басқа шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауына және/немесе тиісті түрде орындалмауына әкеліп соғуы мүмкін оқиғалар пайда болғанда немесе әрекеттер орындалғанда Заемшыға Заем беруден бас тартуға және/немесе есептелген сыйақымен қоса, мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге немесе ары қарай қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

6. Заемшы осы Қосылу шартында көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Заемшының Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімдері басталды деп танылады және Банк олардың орындалуын талап етуге құқылы.

7. алып тасталды

Заемшы Банкке Банктің талап етуімен:

– Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша қаржы есептілігін және Банк Шарт шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сұратуы мүмкін, оның ішінде Банк анықтаған күнге және нысан бойынша тәуелсіз аудитор растаған басқа ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк жүргізу шығынын Заемшы көтеретін, өз бетінше аудит жүргізуді тағайындауға құқылы;

- Банк анықтаған мерзімділікпен Заемшының бюджет алдында берешегінің бары/жоғы жөнінде құжатты ұсынуға міндеттенеді.

Есепті кезеңде қаржылық жағдайдың өзгерістері, тәуекелдері және/немесе нашарлауы басталған кезде есептілік құжаттамамен бір мезгілде Заемшы Банкке қаржылық жағдайдың бастапқы көрсеткіштерден (Шарт жасасу кезінде болған) ауытқуының мәнін егжей-тегжейлі баяндай отырып, түсіндірме жазбаны ұсынады.

Заемшы Банкке ұсынылған қаржы есептілігінің, оның қаржылық ахуалын (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге есептіліктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді және куәландырады.

6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Банкке арналған шектеулер

1. Заемшының құқықтары:

1) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақы өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге түссе, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны келесі жұмыс күні төлеу. Бұл ретте сыйақы төлем күні орын алған Заемды нақты пайдаланған күнге байланысты төленеді;

2) өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, тегін, айына бір реттен көп емес, жазбаша нысанда Шарт бойынша Заемшының берешегін өтеу үшін түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуі тиіс сомаларға) туралы ақпарат алу;

3) Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуі тиіс сомаларға бөлінген қайтарылуы тиіс сомалар мөлшері туралы ақысыз мәліметтер алу;

4) қандай жағдайда да 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын және өзге айыппұл санкцияларының түрін төлеместен, Шарттың 4-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес негізгі борышты ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеу;

5) Банктің Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тарту;

6) пайдаланып жатқан қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш жасау.

2. Заемшының міндеттері:

1) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз:

заемдар алмау, кепілдік және (немесе) өзге қаржы құралдарын беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді қабылдау, заемдар, кепілдіктер, кепілгерліктер және (немесе) өзге қаржы құралдарын бермеу, сондай-ақ заңдық сипаты ұқсас өзге мәмілелер жасамау;

Шарттың қолданылу мерзімі барысында өз активтерінің 10 % (он пайызынан) артық мөлшерде кепіл туралы шарттар, опцион жасамау немесе бір немесе бірнеше мәміледе (өзара байланысты немесе байланыссыз) өз мүлкіне, нақты және болашақ табысына қандай да бір ауыртпалық салмау және/немесе шеттетпеу;

2) Заемшы қатысушыларының (акционерлерінің) құрамының, жарияланған акциялар санының өзгеруіне/жарғылық капиталы мөлшерінің азаюына, Заемшының бірінші басшысының

және Заемшы заңды тұлғаның ірі қатысушысының/акционерінің алмасуына жол бермеу;

2-1) Заемды Банктің акцияларын сатып алуға және Банк капиталы құрамындағы құралдарды жіктеу критерийлеріне сай келетін, пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге нормалар мен лимиттерді, Банк капиталының мөлшерін есептеудің нормативтік мәндерін және әдістемесін анықтайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген Банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі болып табылатын Банктің тәртіптелген облигацияларын сатып алуға пайдаланбау;

3) Заемшыны ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды жүргізбеу;

4) дивидендтерді және басқа да нысандағы кірістерін Заемшының акционерлері (қатысушылары) арасында бөлмеу;

5) алдын ала хабарлаусыз Заемшы қызметінің негізгі түрін өзгертпеу, қызметтің жаңа түрін бастамау, еншілес ұйымдарды, өзге заңды тұлғаларды (өз бетінше немесе үшінші тұлғалармен бірге) құрмау;

б) өзінің құрылтай құжаттарына және (немесе) Заемшының жарғылық капиталында үлестің барлық меншік иелері туралы ақпаратты Заемшының жарғылық капиталындағы жай акциялардың (қатысу үлестерінің) түпкілікті иеленушілеріне дейін ақпаратты ашатын, Заемшының жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызына иелік ететін акцияларды ұстаушыларының (шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының) тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенде, Банкке аталған құрылтай құжаттарға және (немесе) акцияларды ұстаушылардың (шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының) тізіліміне мұндай өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін дер кезінде, бірақ кез келген жағдайда, мұндай өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ресімдеу сәтінен бастап 3 (үш) Жұмыс күнінен кешіктірмей ұсыну, сондай-ақ еншілес ұйымдардың осы тармақшаның талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

Заемшының атқарушы органының және (немесе) басқару органының құрамы өзгергенде, Заемшының пошталық және банктік деректемелері, оның заңды мекенжайы өзгергенде, сондай-ақ Заемшының байланысушы тұлғасының байланыс деректері (соның ішінде электрондық мекенжайы, ұялы телефонның нөмірі) өзгергенде, сондай-ақ Заемшының байланысушы тұлғасы ауысқан жағдайда, Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсына отырып, жаңа мәліметтерді жазбаша түрде дер кезінде, бірақ кез келген жағдайда, аталған өзгерістер пайда болған сәтінен бастап 3 (үш) Жұмыс күннің ішінде хабарлау;

7) Шартқа қосымшаның осы тармағының б) және 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тоқсан сайын, тоқсанның бірінші күніндегі жағдай бойынша тиісті іс-шаралардың барысы, соның ішінде түпкілікті меншік иелеріне дейін қатысушылардың/акционерлердің құрамындағы өзгерістер туралы/өзгерістер болмағаны туралы туралы Банк алдында жазбаша түрде есеп беру;

8) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдерге, күштеп тарату немесе Заемшы қызметін тоқтатудың өзге нысандары рәсімдеріне Заемшының қатысуына/Заемшының қатысу қаупіне жол бермеу;

9) Банкке жазбаша түрде мыналар туралы хабарлау:

1) банкроттерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банктік шоттарды ашу туралы ашылған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күннің ішінде хабарлау және Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсыну;

2) өзінің дәрменсіздігі немесе оның пайда болу қаупі, Заемшыға қатысты оңалту рәсімдерін немесе банкроттық рәсімдерін қолдану немесе қолдану қаупі туралы хабарлау;

3) алып тасталды;

10) Заемшының Кредиттік айналымдарының барлығын немесе бөлігін үшінші тұлғаларға аудару бойынша; Заемшыға үшінші тұлғалар толықтай немесе ішінара есептік-кассалық қызмет көрсету бойынша; Заемшыға үшінші тұлғалардың кез келген басқа банктік қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдамау;

11) Қолданылатын құқықта және (немесе) Тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді Шартты бекіту күніндегі әрекеттегі, сондай-ақ келешекте пайда болатын барлық басқа ақшалай міндеттемелерге қатысты бірінші кезекте орындау;

12) алып тасталды;

13) Банкке, соның ішінде Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша тиісті түрде ресімделген Дербес деректері өзекті және шынайы болып табылатын Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректер бойынша Келісімдерін ұсыну және ұсынылуын қамтамасыз ету;

14) Банкке Дербес деректер бойынша берілген Келісімдердің ішінен кез келгенін кері шақыртып алатын, олардың жарамдылығын біреудің даулайтын, Банкке Дербес деректер бойынша берілген Келісімдердің ішінен кез келгенінің жарамсыз деп танитын, Дербес деректер субъектілерінің Банкке ұсынылған Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін жою, бұғаттау, иесіздендіру туралы талап етуі, Банкке Дербес деректер бойынша Келісімді және/немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен/беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт бойынша міндеттемелерді Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған салдарынан Банкке дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін шаралар қолданатын жағдайларды болдырмауға шаралар қолдану;

15) Банкке Дербес деректер бойынша Келісімді және /немесе Дербес деректер субъектілерінің Дербес деректерін берумен /беруді қамтамасыз етумен байланысты Шарт бойынша міндеттемелерді Заемшы орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған салдарынан Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданған жағдайда Банкке кез келген шеккен шығыстары мен залалдарын өтеп беру;

16) Жеке шартта көрсетілген ерекше талаптарды және Заемшының Шарт бойынша өзге де міндеттемелерін тиісті түрде орындау;

17) Заемды нысаналы мақсаты бойынша пайдалану және Банкке Заемның нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсыну. Банк Заемның нысаналы мақсатқа сәйкес пайдаланылуына тексеру жүргізген кезде, оны ұйымдастыруға көмек көрсету (Банк сұратқан ақпаратты және (немесе) құжаттаманы беру, өндірістік және өзге де объектілерге қолжетімділікті қамтамасыз ету және т. б.);

18) Шартта/Банктің тарифтерінде белгіленген комиссиялардың, шығындардың, шығыстардың барлық сомаларын, соның ішінде мыналарды, бірақ шектелмей, төлеу /төлеп отыру:

1) Заем сомасын, олар бойынша сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өтеу бойынша міндеттемелердің орындалуын алу; Заемшыдан Берешек сомасын сот/соттан тыс тәртіппен өндіру бойынша Банкке келтірілген шығыстары, Банк сот органдарына жүгінгенде төлейтін мемлекеттік баж салығын қоса;

2) нотариалдық қызмет ақысы (оның ішінде Банктің Шарт бойынша өз талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті Шарттың көшірмелерін куәландыру бойынша шығыстар);

3) іссапар, сот дауларына байланысты шығыстар, кеңес берушінің қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстар, бұл ретте шетелдік құқық/халықаралық нормалар/ережелер бойынша, оның ішінде сот даулары бойынша кеңес берушіні таңдау құқығы Банкке қалдырылады (халықаралық ережелерде/нормаларда және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасынан басқа заңнамада реттелетін Шарт шеңберіндегі құқықтық қарым-қатынастар бойынша);

3-1) және 3-2) алып тасталды;

4) Заемшыдан Берешекті өндіріп алуына байланысты туындаған, құжатпен расталған кез келген басқа шығыстары (залалдары), сондай-ақ Заемға қызмет көрсетуге байланысты өзге шығыстар;

19) Банк Заемшының атынан шетелдік банктердің пайдасына кез келген шығындарды төлеген жағдайда, Банк көрсетілген берешекті Заемшының Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы акцептісіз тәртіпте Заемшының кез келген шоттарынан алып алуға құқылы. Бұл ретте бейрезиденттің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу және бюджетке есепке жатқызу бойынша міндет және жауапкершілік Заемшыға артылады, өйткені бұл шығыстар Заемшының шығыстары болып табылады және Заемшы салық агенті болып мойындалады;

20) жоспарлы төлем күні келген кезде Шартта көрсетілген банктік шотта ол бойынша берешек Төлемдер кестесіне өтелуі тиіс Заем валютасында ақша болуын қамтамасыз ету;

21) және 22) 03.10.2023 жылғы № 934 БСОХ сай алып тасталды;

23) Банк қызметкерлерін кредиттеу нысанасы болып табылатын қоймалық, өндірістік, қызметтік және өзге де ғимараттарға кіргізу, олардың талап етуі бойынша Заемның нысаналы

пайдаланылуын, сондай-ақ Шарт бойынша берешек толық өтелгенге дейін Заемшының қаржылық жай-күйін тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсыну. Тексерулердің санын және олардың мерзімдерін Банк айқындайды және Заемшымен келіспейді;

24) 03.10.2023 жылғы № 934 БСОХ сай алып тасталды.

3. Банктің құқықтары:

1) Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Шартта көзделген тәсілмен Заемшыға талап жолдап немесе өзге әрекеттерді орындап:

Қолжетімді қаражат сомаларын жойылған деп жариялау және (немесе);

Заемшыдан Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және Шарт бойынша өзге берешекті, сондай-ақ Банкпен бекітілген басқа шарттар бойынша Заемшының берешектерін, егер өзге мерзім мұндай талапта көрсетілмеген болса, Банк Заемшыға талапты жолдау күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтеуді талап ету және (немесе);

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген өзге шараларды қолдану;

2) Заемның нысаналы мақсатына сай қолданылуын тексеру;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 3-тармағында көзделген жағдайларда Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгерту;

4) Заемшы Заемның кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік 40 (қырық) күннен аса уақытқа бұзған жағдайда, Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және сыйақы төлеуді талап ету;

5) Заемшыда бір уақытта бірнеше банктік заем шарттары бойынша мерзімі өткен берешектері болған кезде, берешекті Банк өз бетінше анықтаған тәртіпте өтеу;

6) Заемшы Шарт талаптарына сай сыйақы төлеу міндеттемесін бұзған жағдайда, сыйақыны, жоғары сыйақыны және басқа айыппұл санкцияларын есептеуді тоқтату;

7) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңында көрсетілген тұлғаларға, соның ішінде коллекторлық агенттіктерге, Заемшының қандай да бір келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтарын беру және міндеттемелерін тапсыру;

8) шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшының банктік шоттарынан Банк ақшаны теңгемен алған жағдайда, сондай-ақ шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшы Банкке ақшаны теңгемен аударған жағдайда, сондай ақшаны шетел валютасына айырбастауды Банк белгілеген шетел валютасын сатудың ағымдағы бағамы бойынша, тиісті операцияны жасаған сәтте Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес сондай айырбастауды жүргізгені үшін комиссия сомаларын Заемшыдан өндіріп алып, жүргізу;

9) Заем мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, есептелген және төленбеген сыйақыны, соның ішінде осындай өтеу жүргізу күніне есептелгенді және мерзімі шегерілгенді бірінші кезекте өтеуін талап ету;

9-1) мына жағдайларда:

операцияларды зерделеу процесінде Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

Заемшының банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тарту немесе банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру;

кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Заемшыға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты санкциялардың болуы;

Банкте Заемшының/Заемшы контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалына түседі немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз бар болса;

банктік шот шартында айқындалған жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Заемшымен іскерлік қатынастарды тоқтату;

10) Банктің Шартта және Қолданылатын құқықта көзделген өзге де құқықтары бар.

4. Банктің міндеттері:

1) Заемшы өтініші бойынша тегін, айына бір рет қана, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде

жазбаша нысанда Шарт бойынша берешегін өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаны бөлу туралы (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуі тиіс сомаларға) ақпарат беру;

2) Заемшының Банкке Шарт бойынша берілген ақшаны толық немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтару туралы өтінішімен, тегін, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ басқа төленуі тиіс сомаларға бөле отырып, оған қайтарылуы тиіс сомалар мөлшерін хабарлау;

3) Шартта көзделген тәртіпте Шарт талаптарының жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Заемшыға хабарлау;

4) міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма¹/он² күннен кешіктірмей Заемшыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілгені және Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар ету;

Егер хабарлама Заемшыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілсе;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Заемшының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

Заемшының хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып (оның ішінде «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы) жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

5) Заемшының жазбаша өтінішін қарау және жазбаша жауап әзірлеу;

б) Банктің Шарт бойынша құқығы (талабы) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі – талап өту құқығын беру шарты) жасаған кезде, Заемшыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) мыналарды хабарлау:

талап өту құқығын беру шартын жасасқанға дейін құқықтардың (талап өту) үшінші тұлғаға өту ықтималдылығы туралы, сонымен қатар Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен мұндай беруге байланысты Заемшының дербес деректерін өңдеу туралы хабарландыру;

талап өту құқығын беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Заемды өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (Шарт бойынша құқық (талап өту) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап өтулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап өтудің) үшінші тұлғаға өткені туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету;

7) біржақты тәртіпте:

заемға қызмет көрсету бойынша комиссиялардың және басқа төлемдердің Шартты бекіту күнінде белгіленген мөлшерін ұлғаю жағына қарай және есептеу тәртібін өзгертпеу;

Шарт шеңберінде комиссиялардың және өзге төлемдердің жаңа түрлерін енгізбеу;

8) егер Шарттың және (немесе) Қамтамасыз өту туралы шарттың талаптарында сақтандыру шарттарын жасасу туралы және (немесе) Қамтамасыз өту болып табылатын мүліктің нарықтық

¹ Хабарлама жіберудің көрсетілген мерзімі 2024 жылғы 01 қазанға дейін күшінде болады

² Хабарлама жіберудің көрсетілген мерзімі 2024 жылғы 01 қазаннан бастап күшінде болады

құнын айқындау мақсатында бағалау жүргізу талаптары көзделсе, Заемшы мен кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектемеу, сондай-ақ Заемшыға (жеке тұлғаға) өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу;

9) келесі жағдайларды қоспағанда:

Шартта көзделген жағдайларда Заемды алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты сенімді ақпарат беру міндеттемесін Заемшы бұзған жағдайда;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда және:

Банкті алдын ала жазбаша хабарландырусыз Заемшының жиынтығында 10 (он) және одан көп пайыздағы акцияларын (қатысу үлесін) иеленетін қатысушыларының (акционерлерінің) құрамы өзгерген жағдайда Банкте Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының пайда болуы жағдайларын қоспағанда, біржақты тәртіпте Шартты бекіту күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтпау;

Көрсетілген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі келесі тәртіпте ұлғаяды:

сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуды шамалаған күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банк Заемшыға жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, оны ұлғайту себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді;

Банк мұндай хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесімен келіседі немесе Банкке негізді жазбаша қарсылығын береді. Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесінен бас тартып, Қосылу шартының осы тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде Шарт бойынша өз берешегін мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы;

Банк Заемшыдан жаңа сыйақы мөлшерлемесіне қатысты негізді жазбаша қарсылығын алған жағдайда, Банк оларды қарастыруға және реттеуге байланысты шаралар қолданады.

Егер Тараптар қарсылықтар бойынша келісімге келе алмаса, Заемшы оларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту мәселесі бойынша келіспеушіліктердің болуы, оның ішінде Заемшының сотқа жүгінуі, Заемшының жаңа мөлшерлеме бойынша сыйақы төлеу міндетіне әсер етпейді;

10) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенге дейін негізгі борышты толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Шарттың 4-бабында көзделген тәртіпте және талаптарда Заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын және өзге айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамау;

11) егер негізгі борышты және сыйақыны өтеу күні мерекелік немесе демалыс күндерге түсіп, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамау.

7-бап. Дауларды шешу тәртібі. Хабарламалар

1. Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының соттарында ерекше сотта қаралу жағдайларын қоспағанда, Банктің немесе Заем берілген Банк филиалының орналасқан жерінде Банк қалауымен (шарттық соттылық) шешіледі.

2. Банктен Заемшыға хабарламалар Банк мұндай хабарламаларды келесі тәсілдердің бірімен: курьерлік немесе пошта қызметі арқылы; электрондық пошта арқылы; факс арқылы; ұялы және өзге телефон байланысы арқылы (SMS-хабарлама жіберу арқылы); «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы, сондай-ақ тиісті ақпаратты Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша веб-сайтында орналастыру жолымен Банктің ақпараттандыру нысандары арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады (Қосылу шартының 6-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Заемшыға тікелей берген жағдайда ғана жеткізілген болып есептелетін, жеке қолға немесе курьерлік қызмет арқылы табысталатын хабарламаларды, курьерлік қызметтің Заемшы жеткізу мекенжайында болмауына байланысты жеткізу мүмкін еместігін растауын немесе Заемшының хабарламаларды алудан бас тартуын қоспағанда, хабарламалар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгені арқылы, хабарламаларды алғаны туралы Банк растау алусыз, жеткізілсе, хабарламалар

Заемшыға жеткізілген болып, ал Заемшы тиісті түрде хабардар етілген болып есептеледі (Қосылу шартының 6-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

3. Заемшыдан Банкке хабарламалар Заемшы мұндай хабарламаларды Банктің уәкілетті қызметкеріне алғаны туралы қол қойғызып, табыстау арқылы; курьерлік немесе пошта қызметі арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады.

3-1. Адресаттың хабарламаны алған күні:

жеке өзіне немесе курьерлік қызмет арқылы табысталатын хабарламалар үшін – Заемшы қол қойып алған күн не курьерлік қызмет Заемшының болмауына байланысты оған хабарламаны жеткізуді жүзеге асыра алмаған күн не Заемшы хабарламаны алудан бас тартқан күн;

Банкке тапсырыс хатпен жіберілетін хабарламалар үшін – жөнелтілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үшінші) күн (жөнелту кезінде пошта ұйымы берген құжаттың күнімен);

факс арқылы жіберілген хабарламалар үшін – факс нөміріне жіберудің сәтті аяқталғаны туралы факсимильдік аппараттың үзінді көшірмесі болған жағдайда жөнелту күні;

ұялы байланысты пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы жіберілген хабарламалар үшін – хабарламаның жіберілген күні (жөнелту туралы хабарлама болған кезде);

ұялы және өзге телефон байланысы бойынша хабарламалар (дауыстық хабарламалар, SMS-хабарлама беру арқылы) үшін – қоңырау шалу немесе SMS-хабарлама жіберу күні мен уақыты;

Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/веб-сайтында орналастырылған хабарламалар үшін – хабарламаны орналастыру күні;

«Onlinebank Halyk» жүйесінде орналастырылған хабарламалар үшін – хабарламаны орналастыру күні болып есептеледі.

4. Банк хабарламалар жіберу үшін пайдаланатын Заемшы деректемелері, байланысу деректері өзгерген кезде Заемшы өзгерістер орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке бұл туралы хабарлама жіберуі тиіс, егер Банк өзгерістер туралы ауызша айту жеткілікті деп анықтаса, Банк байланыс-орталығының қызметіне қажетті ақпаратты хабарлауы керек.

5. Заемшы Банкті жазбаша хабарландырмаған, Заемшы байланыс деректерінің және (немесе) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Банк хабарламасын Заемшының алмағанына немесе уақытында алмағанына Банк жауапты болмайды.

6. Заемшы алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Заемшының хабарламаларды алмау немесе уақытында алмау, хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын құрал-жабдықтар жұмысындағы ақаулар және (немесе) жедел байланыс құралдарының жұмыс істеуіндегі іркілулерден туындаған Заемшы немесе Банк ақпаратты алғанға дейін оны жоғалту тәуекелдерін қоса алғанда, бірақ шектелмей хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді Заемшы өзіне қабылдайды.

7. Егер Заемшы Банктің өз міндеттерін қасақана орындамауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан зияндар туындағанын дәлелдесе, Банк Қосылу шартының осы бабының 6-тармағында көрсетілген жағдайларда Заемшының кез келген шығындары үшін жауап бермейді.

8. Шартқа байланысты сұрақтар туындаған жағдайда, Заемшы Банкке:

- 1) Банктің пошталық мекенжайы бойынша – Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ. 40;
- 2) Банктің электрондық мекенжайы бойынша – info@halykbank.kz;
- 3) Банктің ресми интернет-ресурсы арқылы – www.halykbank.kz;
- 4) 7 (727) 259-07-77, 7111 (ұялы телефоннан) телефоны арқылы хабарласуға құқылы.

8-бап. Қорытынды ережелер

1. Банк Қосылу шартына өзгерістер және толықтырулар енгізуге құқылы, егер өзгесі көзделмесе, олар Банктің Интернет желісіндегі www.halykbank.kz сайтында жарияланған күннен бастап күшіне енеді және күшіне енгеннен кейін бекітілген Жеке шарттарға қолданылады.

Қосылу шартына енгізілген өзгерістер және толықтырулар күшіне енгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Банк пен заемшылардың арасындағы Жеке шарттарға қосымша келісімдер бекітілген жағдайда қолданылады.

2. Тараптар Қосылу шартының талаптарына өзгерістерді Жеке шарттарға қосымша келісім бекіту арқылы енгізе алады. Мұндай өзгерістер аталған нақты Жеке шарттар туындайтын Тараптардың қарым-қатынасына қолданылады.

3. Жеке шарт Заем мерзімінен бұрын толық өтелген күннен бастап және Заемшы тарапынан Банк алдында Шартта көзделген өзге орындалмаған міндеттемелері болмағанда, өз күшін мерзімен бұрын жойған болып есептеледі.

4. Шарт шеңберінде бекітілген барлық шарт және оның барлық қосымшасы, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың қолы қойылған және мөрімен (мөр Заемшының қалауы бойынша қойылады) расталған болса, оның ажыратылмас бөліктері болып табылады. Шарт, оның барлық қосымшалары бірыңғай құқықтық құралды білдіреді және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажыратылмас бөліктері болып табылады.

5. Шартта қолданылатын бас әріппен берілген терминдер, егер Шарт мазмұны басқаны көздемесе, келесі мәндерге ие:

1) *Дербес деректер* – негізінде анықталған немесе анықталатын Дербес деректер субъектісіне қатысты, электронды, қағаз және (немесе) өзге материалды тасымалдаушыда тіркелген мәліметтер;

2) *жогары сыйақы* – мына: мерзімі кешіктірілген берешек қалдығының сомасы (негізгі борыш және сыйақы) * мерзімі кешіктірілген күндер саны * айыппұл мөлшерлемесінің мөлшері/360 күн (жылда) – формула бойынша есептелген сома;

3) *Дербес деректер бойынша келісім* - Дербес деректер субъектінің Дербес деректерін Банктің жинауына және өңдеуіне келісімі;

4) *Дербес деректер субъектілері* – Дербес деректер жататын жеке тұлғалар (оның ішінде Заемшының үлестес жеке тұлғалары, Заемшының жеке тұлға-серіктестері, қатысушылары, Заемшының жеке тұлғалар болып табылатын түпкі меншік иелері);

5) *«Onlinebank Nalyk» жүйесі* – Заемшыға интернет желісі арқылы Заемшы мен Банк арасында электрондық құжаттар, хабарламалар (нұсқаулар) алмасу жолымен Банкте ашылған өзінің банктік шоттарын қашықтықтан басқару мүмкіндігін беретін Банктің қашықтықтан қол жеткізу жүйесі;

5-1) *Жұмыс күні* – дүйсенбіден жұманы қоса алған күнге дейінгі кез келген күн және Қолданылатын құқыққа сәйкес жұмыс күні деп танылған басқа күн (Қолданылатын құқыққа сәйкес демалыс және ресми, оның ішінде мереке, жұмыс істемейтін күндерді қоспағанда).

6) 2023 жылғы 3 қазандағы № 934 БСОХ сәйкес алып тасталды.

7) Күнделікті төлем – мөлшерін Банк белгілейтін және Заемшыға заем алған кезде хабарлайтын, Заемшының Банктегі шоттарынан күнделікті есептен шығарылып, Қамтамасыз ету төлеміне аударылатын белгілі бір сомадағы ақша;

8) Ай сайынғы төлем – төлем кестесіне сәйкес Шартта көзделген мерзімдерде жоспарлы төлемді өтеуге жеткілікті ақша сомасы;

9) Карта – иесіне электрондық терминалдар немесе басқа да байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе валюта айырбастауға және осы Картаны шығарған Эмитент банк белгілеген және оның шарттарында басқа да операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;

10) Қамтамасыз ету төлемі – Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында Банкке беруге міндетті ақша сомасы;

11) Операция/Төлем/Транзакция/QR – Кәсіпорынның интернет-дүкенінде картаны пайдаланып жасалатын, тауарды/қызметті қолма-қол ақшасыз төлеу операциясы;

12) Кәсіпорын – заңды тұлға (коммерциялық және коммерциялық емес ұйым) немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға – тауар сату/қызмет ұсынудың шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты, сондай-ақ өзіне тиесілі Web-сайтта/Банктің Web-сайтында/Мобильді қосымшасында/«Homebank» қаржы порталында немесе мобильді қосымшада тапсырысты ресімдеу мүмкіндігін іске асыру үшін құралдарды орналастыру арқылы тауарларды сатуды немесе қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті;

13) Шот – Заемшының Банкте ашылған банктік шоты;

14) POS-терминал – Заемшының сауда және қызмет көрсету орнында орнатылған электрондық терминал – POS-терминал, соның ішінде SIM-картасы бар GSM-POS-терминал, Кәсіпорынның смартфонна орнатылған Nalyk POS-терминалы, Банк ұсынған және Onlinebank арқылы қосылған Nalyk POS немесе Nalyk QR қосымшасы орнатылған смартфон, оның көмегімен Картадағы магниттік жолақтың немесе микропроцессордың ақпаратын оқу немесе карта

иесінің/шот иесінің мобильді қосымшасы цифрлық кодты (QR) оқуы арқылы Транзакция жүзеге асырылады;

6. Егер өзгесі Тараптардың келісімінде көзделмесе, даулы мәселелер бойынша Шарт басқа, оның ішінде Банк пен Заемшы арасында бекітілген (бекітілетін) келісімдердің (сондай-ақ банктік шот шарттары және т.с.с.) алдында басым күшке ие. Тараптар, Шартты бекіткеннен кейін алдыңғы талқылаулар, уәделер және ұсыныстар, сонымен қатар барлық хат алмасу заңдық күшін жоятынына және Шарт талаптарымен ауыстырылатынына келісті.

7. Қосылу шартында анықталмаған Шарт талаптары Жеке шартта белгіленеді. Қосылу шарты және Жеке шарт арасында қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда, Жеке шартты басшылыққа алу қажет. Қосылу шартында және Жеке шартта реттелмеген Шарт бойынша Тараптардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

8. Заемды өте және сыйақы төлеу кестесі Жеке шарттың қосымшасы болып табылады.

9. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады, әрқайсысының Тараптар үшін тең заңдық күші бар. Шарттың тілдік нұсқалары арасында қайшылықтар болған жағдайда, оның ережелерін түсіндіру кезіндегі басымдық мәселесі Жеке шартқа сай шешіледі.

9-бап. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы
Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы Жеке шартта көрсетіледі.».